

**"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының кейбір баптарының қолданылуын тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 2 тамыздағы N 816 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының кейбір баптарының қолданылуын тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

Жоба

## **Қазақстан Республикасының Заңы**

**"Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу және "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының кейбір баптарының қолданылуын тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының күші жойылды деп тану туралы**

**1-бап.** "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 30 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 348-құжат; 1994 ж., N 8, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; N 21, 274-құжат; 1998 ж., N 24, 432-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат, N 23, 924-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

- 1) 13-бабы 2-тармағының 1), 2), 3), 5) және 6) тармақшалары алынып тасталсын;
- 2) 15 және 16-баптардың 1), 2), 4) және 5) тармақшалары алынып тасталсын;
- 3) 17-бабы 1-тармағының 2), 3) тармақшалары алынып тасталсын;
- 4) 18-баптың 1) және 2) тармақшалары алынып тасталсын.

**2-бап.** "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының кейбір баптарының қолданылуын тоқтата тұру туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 23, 924-құжат; 2003 ж., N 1-2, 12-құжат) күші жойылды деп танылсын.

**3-бап.** Осы Заң 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н            Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*